

Көптілеуова Д.Т.

**Араб прозалық
шығармаларындағы адам
және қоғам мәселесі
(XX ғ. бірінші жартысы)**

Өмір шындығын образ әрекеті, кейіпкер психологиясы, шығармадағы адам мен қоғам арасындағы өзара үндестік пен тартыс, қайшылықтар диалектикасы арқылы суреттеу ерекшеліктері әдебиеттану ғылымындағы өзекті зерттеу нысанасы болып қала бермек. Мақала араб қаламгерлерінің әлеуметтік қайшылықтарды қозғаған нақтылы шығармаларындағы адам мен қоғам мәселесін қарастырады. Сонымен бірге шығармалардың тағылымдық, мазмұндық мәндері сөз етіледі.

Түйін сөздер: новелла, адам мен қоғам тақырыбы, әлеуметтік қарама-қайшылық, реализм, ағартушылық ой.

D. Koptileuova

**Problem of the person and
society in the Arab prose (the
first half of the XX century)**

In the article the problem of mutual relations is examined between a man and society in works of the Arabic writers of the first half of the twentieth century. Where writers come forward for human rights, right on life, happiness, regardless of social origin. Also talked about rich in content and instructive senses of the examined works.

Key words: short story, subject of the person and society, social collision, realism, educational idea.

Коптилеуова Д.Т.

**Проблема человека и общества
в арабской прозе
(первая половина XX в.)**

В статье рассматривается проблема взаимоотношений между человеком и обществом в произведениях арабских писателей первой половины двадцатого века. Где писатели выступают за права человека, право на жизнь, счастье, независимо от социального происхождения. Также говорится о содержательном и поучительном смысле рассматриваемых произведений.

Ключевые слова: новелла, тема человека и общества, социальная коллизия, реализм, просветительская идея.

**АРАБ ПРОЗАЛЫҚ
ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ
МӘСЕЛЕСІ (XX Ғ.
БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)**

Әдебиеттің ұлттық ерекшеліктері әлеуметтік саясат төңірегінде айқын көрінеді. Әр ұлттың «өзіндік әлеуметтік тарихы» болады және әдебиет типологиясының дамуына өзінің ұлттық ерекшеліктерін енгізбей қоймайды. Әлеуметтік коллизияны негізге алу иордандық прозаның негізін қалаушыларға тән, атап айтқанда: Х. Бейдас, М.С. әл-Ирани, А.Х. Аббас, И.ан-Наури және т.б. Олардың шығармаларында өмір сүру үшін қиындықпен күресіп келетін кедей адамдардың қайғы-қасіреті бейнеленген.

Қоғамның сана-сезімін қайта құру, «адам-қоғам» оппозициясын күшейту жағдайындағы иордандық араб әдебиетінде Иса ан-Науридің (1918-1985) шығармашылығы ерекше орын алады. «Тікендермен көмкерілген жол» («Тарих аш-шаук», 1955), «Қылыш сөйлесін» («Халли сейф йакул», 1956), «Шайқас алаңына оралғандар», («Аид ила әл-майдан», 1961), «Иордандық новеллалар («Ақасис урдуннийа», 1967) және « Поездағы түн» («Лейла фи-л-қитар», 1974) романы әлеуметтік мазмұнымен ерекшеленеді.

Жазушының Еуропа өркениетіне деген көзқарасынан диалектикалы қарама-қайшылықты байқауға болады. Мысалы «Мансұр-бей» (1961) новелласында жазушы адам өз қабілеті арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткізе алатын Батыстың өмірін бостандықты, өз қабілетін ашуға мүмкіндігі жоқ Шығыстың өмірімен салыстыра отырып, Шығыстың қарапайым адамдардың әлеуметтік кедергілерден өту, өз білімдерін, қабілеттерін, еңбектерін өмірде қолдану туралы армандары орындалмайтындығына көзі жетті. Новелланың кейіпкері Мансұр өз ауылында қоғамда қандайда бір дәрежеге 50 жылдан соң қол жеткізсе, Америкада оған не бәрі 5 жыл жеткілікті болды.

Автордың ойынша, тек Батыста ғана әр адам өз қабілетінің, еңбекқорлығының арқасында қоғамда өз орнына ие бола алады. Өз ойларына дәлел ретінде Американың әлеуметтік-экономикалық өмірінен түрлі мысалдарды келтіре отырып, ол феодалдық қанаушылық жағдайда өмір сүріп жатқан өз отандастарын жаңа өмірмен таныстырып, сол арқылы оларды өз өмірлері жайлы ойлануға шақырды.

«Өткен күндер» («Айам аз-заман», 1961) новелласында Шығысқа ғылым мен мәдениет саласындағы жетістіктермен қатар,

көзқарас бостандығын алып келген батыс өркениетін сынға алғанын байқауға болады. Осы новелла кейіпкері 80 жастағы шал өз немересімен әңгімелескен кезде: «Сендер мектепте оқыдыңдар, Шығыс пен Батыстың қалаларына саяхаттадыңдар, қайта оралған соң көрген білгендеріңді, таңғажайып зәулім сарайлар, шіркеулер, университеттер, тоқ желісі, ғылым, алаңдар және ескерткіштер, стадиондар, мұражайлар, ашық киім киетін әйелдер жайлы көп айтатынсыңдар». Біздер бұл жайлы ештеңе білмейтінбіз [1, 105-106]. Новелла зұлымдық, ауру, өшпенділік билік ететін заманауи қоғам мен ауру, дәрігерлер жоқ, адамдар сау болған, еңбек пен дұға ету жақсылық әкелген өткен уақытқа қарама-қайшы қою арқылы жазылған. Біздер дұға еттік, жұмыс істедік және осы арқылы өзімізді бақытты сезіне алдық, біз қарапайым тамақ жедік, кәдімгі су іштік, бірақ соған қарамастан біз үшін ол ең дәмді, әрі тәтті болып көрінді және өмірден Алланың бергенінен артық сұраған емеспіз», – дейді новелла кейіпкері.

Бұзылған дамушы қоғам мен өткен дәуірдің тыныш өмірі Иса ан-Науридің шығармасындағы басты себеп болып табылады. Оның негізінде, әрине, жазушының өз заманының буржуаздық қоғамына көңілі толмай, идеалистік ескіні, патриархалды көзқарастарды жаңғырту туралы ойлары жатыр. Жазушы ескі заманның кейбір белгілерін өз дәуірінен іздеумен болады. Ол оны еңбекқор, мейірімді отағасы – шаруаның бейнесінен табады. Патриархалды қарым-қатынас сақталған ауылды суреттеу арқылы қоршаған өмірден бас тартуды басқа да араб жазушылардың шығармаларынан да кездестіруге болады, соның ішінде ірі египеттік новеллист Махмуд Теймурдың шығармасы. Оның алғашқы шығармалары жер шарушылығымен айналысатын – египеттік феллахтардың өнегелі қағидалары қаланың бұзылған, Еуропаға еліктеуші қала тұрғындарына қарама-қайшы қойылды [7].

Иса ан-Наури өз новеллаларында патриархалды көзқарастар, Жер анаға деген махаббат, шаруашылық еңбек түсініктеріне арнайды. Феллахтардың өмірі жайлы өз новеллаларында Иса ан-Наури – араб ауылдарында болып жатқан әлеуметтік өзгерістерді көрсете білді. Феллахтар мен бәдәуилер арасында орнаған күрделі қатынастар жайлы проблемаларды көтерген араб жазушысы.

«Жер жеңді» («Уа интасарат әл-ард», 1967) новелласында жер шаруашылығымен айналысатын феллахтардың еккен егінін мал шаруашылығымен айналысатын бәдәуилердің қойлары

ойран салатындықтан, араларында үнемі қақтығыстар орын алатын. Сол себепті феллахтар өз үйлері мен жерлерін тастап, қалаға көшуге мәжбүр болғандары жайлы айтылған. Новелланың басты кейіпкері – Абу Айд – шаруаларды өз жерлерін тастап кетпеулерін сұрады, себебі оларда ауыл мен жерден қымбат ештеңе жоқ. «Жер – біздің байлығымыз – дейді ол. – Кімде-кім жерде еңбек етсе, жетістіктерге қол жеткізіп, байиды» [1, 37]. Барлық проблемалардың шешімін Абу Айд бәдәуилермен бірігуден көреді. «Біз оларға жерді өңдеп, ағаш отырғызып, бақша өсіруге үйретеміз». Бұл бізге әрі оларға тиімді. Қырық бес жылдық тынымсыз еңбек, өз жемісін алып келді: «Бақша мен жер көгеріп, гүлдеді, бәдәуилер көшіп келіп, үйлерін салғандықтан, ауыл үлкейді» Абу Айдтің қарсыластарының жерге деген махаббаттары өсті.

Осылайша адамдар өмірге қуанып, «ағаш көлеңкесінің астында демалып, піскен жемістерді жей отырып, гүлдердің хош иісіне сүйсіне алатын болды». Ағартушылық идеялар романтикалық идеяларда өз көрінісін тапты. «Жер жеңді» новелласында феллахтар байып, бақытқа кенелді, олардың өмірі «гүлденіп тұрған жұмаққа ұқсады». Бірақ «Біз бәріміз ауылдың балаларымыз» – деп новеллист өзінің басқа шығармаларында жастар өздерінің туып өскен ауылдарын тастап, қалаға қарай кетіп жатқандығын өкінішпен айтады. Осылайша «Әпкемнің өлімі» («Маут әл-амма», 1967) новелласында Умм Саманның бес ұлы, үш қызы әкелерінің жер мен малға қарау туралы өсиетін орындамай, аналарын тастап, жұмыс іздеп туған жерлерін тастап кетеді.

Жазушының ойынша еңбек – байлыққа, бақытқа апаратын жалғыз жол. Еңбекке деген махаббат киелі, сондықтан ол сыйлауға лайықты. «Кім еңбек еткенді жақсы көрсе, еңбекке адал болса, оны жетістіктер мен жақсы өмір күтеді, ал еңбекті бағаламайтындарды кедей өмір күтеді...». Алайда автор көп әрі жеңіл жолмен ақша табу үшін ауылдан қалаға қашқан адамдармен келісе алмайды. Жазушы Умм Саманның қаладағы бір кафелердің бірінде ыдыс, еден жуып, айына екі динар алатын үлкен ұлын және шаштаразға қызмет көрсеткені үшін мүлдем ақы алмайтын тек келіп кетушілердің берген тиындарына өмір сүретін оның інісі Наджибті сынға алады. Жазушы малға қарап, жерді тырмалап, егін еккен қалада жүріп ыдыс-аяқ жуып, қайыр сұрағаннан мың есе артық дейді.

Десе де феллахтардың жақсы өмірі мен бақытты болуы оңай емес екен. Оны шаруалардың ауыр еңбегі мен ауылдың ауыр тіршілігі туралы

өз новеллаларында баяндайтын жазушының өзі де түсінеді. Жазушы «Шейха» новелласында бас кейіпкер кедей, бай деп бөлінбейтін ауылдың басым көпшілігі сияқты балалық шақ жоқшылықта өткенін байқады. Ол шығармасында ауылда әлеуметтік жікке бөліну жүріп жатқанын көрсетті. Ол әсіресе жерді бөлу, олардан түскен табысты бөлуде көрініс тапқан: біреуге көп, біреуге аз.

Ауылдың әлеуметтік проблемаларына деген қызығушылық Иса ан-Науридін прозасын әйгілі египеттік жазушы Мұхаммед Хусейн Хайкалдың (1888-1956) шығармасымен жақындата түседі. Х. Хайкалдың «Зейнаб» (1912) шығармасындағыдай, иордандық новелист шаруалардың өмірі жайлы үлкен ынтызарлықпен жазады, шаруалар оған адал, мейірімді, еңбекқор болып көрінеді.

Жазушының шығармаларында оқырманға үндеу жолдауды көп кездестіруге болады. Мысалға, «Сегіз әпкелі-сіңілі» новелласы: «Мен сізге шындықтан көрі ойдан шығарылғанға көп ұқсайтын оқиғаны айтып берем...» Осылай бастау «Аурудан да күшті» новелласында да берілген: «Мен саған ешқандай әсерлеусіз өмірде болған оқиғаны айтып беремін. Шындықтың өзі де қиялға толы болса, оны әсерлеудің қажеті қаншама?» Немесе «Жәбірленушіге ескерткіш» новелласында өнердің тәрбиелік мәні жайлы айтылған, ол: «Өнер-бұл тек ермек қана емес, оның басқадай мақсаты бар – оң нәтижелерді тек өнерде ғана емес, қоғамда да қол жеткізу. Өнер тек махабаттың еркелігін бейнелеу немесе көбелектерді ұстау ретінде қабылданбайды». Өнердің жаны бар, ол көпжылдың виносы сияқты халыққа, отанға күш беріп, жігерлендіреді.

Әлеуметтік тақырыптарды жасауда, новеллаларды әсерлеуде қол жеткізген жетістіктер Иса ан-Науриге роман жазып, жарық дүниеге әкелуге өз ықпалын тигізді. Осы жерде ерекше «Поездағы түн» романын атап өткен дұрыс («Лейла фи-л-қитар» 1974).

И. ан-Науридін шығармасына мәдениеттің шегінде тұрғандай сезінетін адамға қарама-қайшылық тән. Шығыстың дәстүрінен, өткен заманның әдебиетінен нәр алады. Сонымен қатар жазушы Батыстың жаңа идеялық-эстетикалық және рухани құндылықтарды игерді. Оның шығармаларында қоршаған ортамен іштей бөліну сияқты көрініс табады. Жазушы өзінің қоғам мен адамдардың санасын қайта құру жөнінде реформалық идеяларынан қайтпайды. «Поездағы түн» романын жазушы шығармашылығының шыңы деп есептеген жөн. Шығарманың басты кейіпкерлері – екі әлемнің Шығыс пен Батыстың өкіл-

дері. Оқиға Сицилиядан Неапольге бара жатқан поездың кішкентай купесінде өрбиді. Шығыс көзқарастарын ұстанатын, жас сүйкімді араб жігіті Саид пен өмірге деген, ер адамдар мен әйелдер арасындағы қарым-қатынасқа көзқарасы еркін әдемі италиялық қыз Лучия кездесіп қалады. Жазушы жазғандай «Роман» тез оқып бітіретін дүние емес. Онда ақылды тебіртетін маңызды проблемалар қаралады, мысалы Батыс пен Шығыстың отбасылық қарым-қатынас туралы түсініктері Саид пен Лучия арасында келтірілген. Кейіпкерлер арасындағы диалогта көрсетілген фактілер мен шығыс ер адамының ішкі монологы арқылы берілген. Шығармадағы оқиғалар Батысты таныған шығыс ер адамының ішкі рухани дүниесінің қарсыласуы арқылы көрсетілген. Яғни Батыс пен Шығысқа тән көптеген белгілер арқылы [2, 25].

Мұхаммед Адиб әл-Амирдің (1908-1978) шығармасында әлеуметтік тақырып көп қаралған. Қарапайым адамдардың жұпыны өмірі, үнемі бір үзім нанды сатып алу үшін қажетті қаражатты табу туралы ойлары жазушының назарында жүреді. Кедей адамдардың өмірде көрген тауқыметі, шынайы өмірдің шешілмейтін проблемалары «Жарық сәуле» («Шуа ан-нур уа қисас ухра», 1954) атты новеллалар жинағында көруге болады. Бұл новеллада өмірдің шешілмейтін проблемаларынан, өмір тұңғығынан жарық сәулесін – үмітті көруге асыққан кейіпкерлердің өмірі бейнеленген. Мысалға, барлық жинаққа өз атын берген новеллада Мұхаммед Адиб әл-Амири кедей отбасының өмірін суреттейді: отағасы қаза болып, баласы түрмеге түседі. Анасы мен қызы жалғыз қалып, жас қыздың байларға арнап тіккен киімдерінен түскен болмашы қаражатпен өмір сүреді. Тігіншінің ауыр жұмысы оның жеке өміріне өз әсерін тигізеді: жастық шағы өтіп, өмірінің ең жақсы кезеңі артта қалады, осылайша ол бірте-бірте көз жанарынан айырыла бастайды.

Әл-Амири өз новелларында қоғам теңсіздігін көп қозғады. Барлық адамдардың өмір сүруге, бақытты болуға құқылы екендігін анасы мен қызының арасында орын алған диалог арқылы жеткізеді: Анасы сұрайды: «Қызым өмір сүруге біздің құқымыз бар ма өзі?» Сонда қызы былай деп жауап қайтарады: «Біздің өмір сүруге құқығымыз бар, бірақ мұндай өмір бізге лайықты емес!» [5, 171].

Қазіргі заманның шындығын айта отырып, Мұхаммед Адиб әл-Амири ағартушылық идеология аясынан шыққан емес, жазушы өмір тұңғығында жарық сәулесінің барына сенімді болды.

Оның кейіпкерлері бастарынан қиын күндерді өткізгенімен түңілмейді, өйткені адамдардың жанына сәулесін шашып, шыдамдылыққа шақырған, жарқын өмірдің боларына үміттерін үздірмеген, күш жігер берген «жарық сәулесінің» барына сенімді болды... [5, 171]. Мұндай «жарық сәуле» алдымен кәрі әйелдің түсіне кіріп, содан соң шынайы өмірде ұлының түрмеден босап шығуымен жалғасады. Мұндай «көру» (немесе «түс көру») түрі әдебиетте бұрыннан бар және қазіргі заманның әлеуметтік кемшіліктерін бейнелеу үшін қолданылады.

Өмір тұңғиығын көрсете отырып, Мухаммед Адиб әл-Амири өлім аузындағы анаға көрінген болашақта күтіп тұрған бақытты бейнелейді. Бақыттың не екенін көрмей кетіп бара жатқан анасы ұлына: «Мен күннің шуағын көріп тұрмын» деген соңғы сөздері оптимизмге толы болатын.

Мухаммед Адиб әл-Амири адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың нәтижесінде пайда болатын мәселені «Кедей» атты новеллада да көрсете білді. Ол ағартушылар бастаған жолмен жүре отырып, адам қоғамда алатын орнына қарамастан адам құқығына, өмір сүру құқығына, бақытқа қол жеткізу құқығына ие болуы тиіс деп есептеді. Жазушы адамды қоғамдағы жалғыз құндылық екендігін паш етеді. Тіпті, заңсыздықтың алдында өзінің құқығын қорғай алмайтын әлсіз қарияның да күн астында өз орны бар деп есептейді.

Мухаммед Адиб әл-Амири кейіпкерінің еңсесі түскен сәтте пайда болған сұраққа былай деп жауап береді: «Мен – кедеймін. Кедей адамға өзі өмір сүріп жатқан ортада орын болмағаны ма?» Қарапайым адам буржуазиялық ортада зұлымдық пен әділетсіздіктен қорғалмаған. Егер адамда ақша, билік болса ол өзін-өзі қорғай алады, ал кедей адам мәңгі қайғыға душар болады. Ол әділеттілікті іздей отырып, осы өмірде мықты болып көрінгендерден көмек сұрайды, алайда өмір тауқыметі адамның ішкі жан дүниесін қарап, оған үрей ұялатады екен. Мектеп директоры көмек сұрап келген байғұсты аяғанымен, оған көмек көрсетуде қауқарсыз. Жазушы жазғандай осы өмірде өмір сүріп жатқан адамдардың басқа адамдардан қорыққандықтан ғана мейірімді болуының қажеті жоқ» [5, 172]. Кейіпкерге «әділеттілік» орнайтындығы туралы үміт силаған «жарық сәулесінің» бар болғаны бос әурешілдік екен.

«Мәңгі ауыз бекіту» новелласындағы әке «жарық сәулені» аурушаң өз баласының жазылып кетуімен көреді. Ол баласы өскен соң өмірдің ауыр тауқыметін өз мойнына алып, қартай-

ған шағында оған қамқор болатынына сенімді болады. «Байлық және ар» новелласындағы Бадия деген кейіпкер «жарық сәулені» күйеуі өлген соң ағасы оны өз қамқорлығына алады деген үмітпен байланыстырады. Әлсіздердің күштілердің көмегіне жүгінуді, жазушыға өз новеллаларында әділеттілікті орнату, оқырмандардың бойында жақындарына деген махабатты ояту, өз замандастарын шыншыл, әрі мейірімді болуға шақыру идеяларын іске асыруға мүмкіндік берді. Бірақ басқа ағартушылар сияқты жазушының шығармасында идеялар мен ақиқат теке-тіреске келеді. «Кедей» новелласындағы кейіпкер мектеп директоры сержанттың алдында оны жақтайтынына үміттенеді, жазушы буржуазиялық қоғамда адамның құқықтары қорғалмағандығын анық көрсетеді. «Бай» және «күшті» деген ұғымдар салыстырмалы ғана, бұл жерде өзіндік «иерархия» бар, яғни күштінің үстінен одан да мықты үстемдік жасап, билік етеді деген сөз.

Жазушының кейіпкерлерінде өмірге деген қызығушылық байқалмайды: олар еш әрекет етпейді және әлеуметтік қарама-қайшылықтар әділеттілік салтанаты идеясымен, «жарықтың тұңғиықты жеңеді» деген сенімімен ауысады.

Ал Махмұд Сейф ад-Дин әл-Иранидің «Бұлттар сейілді» новелласындағы әлеуметтік проблемаларды «әділеттілік салтанаты» абстрактылық идеялар мен өмірдің жақсы жаққа бет бұратыны туралы утопиялық үміттері арқылы шешу көрініс тапқан. Жазушының айтуы бойынша егер адамның бойында үміт пен сенім болса, қаншама кедей және өмірде қаншама өмір сүру қиын болса да, ол өзін бақытты сезінетіні сөзсіз дейді.

Әл-Ирани да өз шығармаларында әлеуметтік қарама-қайшылықтарды қарастырған. «Не арзан» (1962) атты өзінің новелласында адам арманы орындалмаса да оны әрі қарай өмір сүруге итермелейтін әрқашан бір үміт қалады. Осылай кедей-тігінші Саид лотерей билеті бойынша ұтысқа ие болып, алған қаражатқа өз сауда орнын ашам деген қиял-ғажайып әлемде үш апта бойы өмір сүреді. Сол арқылы осы адамға қиял болса да бақыттың не екендігін танып білуге мүмкіндік берді. Жазушы арман мен нақты өмір арасындағы айырмашылықты психологиялық тұрғыда шынайы суреттеген. «Кішкентай адам» өмір тауқыметінен әбден қажығаны соншалықты, өзінің осы жағдайдан шығар жолды таппайды.

Сонымен қатар, М.А. Әл-Амири, М.С. Әл-Ирани шығармаларындағы өздері насихаттаған идеялар шынайы өмірмен жанаспайтынын түсінгендей, иордандық жазушы Фуад әл-Қасустын

(1929-2014) шығармашылығында өз жалғасын табады, ол үшін буржуаздық қоғамдағы тұлға мәселесі ең басты тақырып болатын.

Осылай «Адам» («Әл-Инсан», 1958) новелласында тұлғаның негізгі мақсатын ашуға тырысты: «Адам деген кім екенін білесің бе?» – деп сұрады Фуад әл-Қасус. Қойған сұрағына өзі жауап қайтарды: «Ол жер бетіндегі жаратылыстың ең ғажайыбы, өмірді сүйетін, адамдарға жақсылық сыйлаушы...». Адамның өмір сүруі үшін міндетті түрде бостандық қажет. Жазушының түсінігі бойынша адам дүниеге еркін болып туылады, сондықтан өз іс-әрекеттерінде де еркін болуы тиіс. «Мен тәуелсіз адаммын... – деп новелла кейіпкері жар салады. – Мен еркін болып туылдым, сондықтан да қайда барсам да өз еркім...» [5, 174]. Бірақ палестиналықтар өмір сүретін ортада бостандық пен құқыққа шек қойылған. Фуад әл-Қасустың новелласындағы кейіпкердің кешкі уақытта жүріп тұруға қойылған шектеулерге бағынбауы қайғымен аяқталды: ол тұтқындалып, солдаттардың ауыр соққысына тап болады. Жазушының айтуы бойынша қандай жағдай болмасын, адам «адам» болып қалуы тиіс. Оның кейіпкері адамдық қасиеттерді сақтай отырып, өз Отанына, халқына деген сүйіспеншілігі туралы өз ойын ашық айтты. Солдаттардың соққысынан өлгенді қаламай, новелла кейіпкері «өз Отанын, халықтың бостандығы мен бейбітшілікті қорғай отырып жан тапсыруды жөн көреді». Жазушы өзінің негізгі айыптауын империализмге жолдайды: «... бұл сіздің кінәңіз емес, – дейді новелла кейіпкері, – бұған тек қана империализм кінәлі, тек сол».

Осылайша, өзіне дейінгі жазушылардан берілген ағартушылық тенденциялар Фуад әл-Қасус шығармасында әрі қарай өз жалғасын тауып, дамыды. Жоғарыда қаралған новеллистерге қарағанда, Фуад әл-Қасус қоғамның мүддесі үшін өзінің адамдық құқықтарын қорғай алатын және іс-әрекет ете білетін әлеуметтік белсенді тұлғаның бейнесін қалыптастырды.

Фахри Қауара (1945 ж. туылған) шығармаларында қоғамдық мәселелерді қозғаған. Жазушыны араб-мұсылман әлемі емес, Иорданияның ұлттық қоғамына қатысты мәселелер көбірек мазалайды. Ол «Үш дауыс» («Саласат асуат», 1972), «Шахмат ойнауға тыйым салынады» («Мамну лу'ба аш-шатрандж», 1976), «Неге Сузи көп жылайды?» («Лимаза бакат Сузи касиран?»), 1973), «Тасбақа мен балалар» («Сулахфа

уа атфал», 1979), «Күбі» («әл-Бармил», 1982), «Мен патриархпын» («Ана патриарк», 1982) т.б. секілді он алты жинақтың авторы. Елінің ұлттық дамуының ерекшеліктеріне байланысты автор қоғамдық мәселелерді зерттейді (адам және қоғам, адам арасындағы қарым-қатынастар жүйесінде әйелдің рөлі, өмір шындығы алдында бала әлемі және т.б.). Ф. Қауар қоғамды ырымдарға сенетін, діни-нанымға толы, сауатсыз етіп суреттейді. Оның шығармаларының басым бөлігі қарапайым адамдар даму жолында ескі патриархалдық тіршілік шеңберінен тыс қалып, жаңа құбылыстарға бейімделе алмайтындарын сезінген кезде қалыптасып қалған ұлттық көзқарастарға қарсы бағытталған. Жазушы адамның оқшауланып қалғанын көрсеткісі келді.

Жазушы дамушы қоғамдағы адамның тоқырауы мен күйзелісі тақырыбын көптеген новеллаларында көрсетті. Осылайша Фахри Қауар «Солтүстік алтыны» («Суфр ала-ш-шимал», 1973) новелласында бір қарағанда көзге көрінбейтін адамның бейнесін жасады. Новелла кейіпкері Марзук өз ата-бабаларының дәстүрін жалғастырып, ұста шебері болып жұмыс істейді. Бірақ ол бұл мамандықты ұнатпайды, себебі ол оған не материалдық игілік, не рухани тыныштық әкелмейді. Қоғамның дамуына қарай адам әлеуметтік тұрмыс жайлы ескі көзқарастардан ажырауы керек.

«Сейсенбі күні кешке» («Маса әл-хамис») новелласының кейіпкеріне де шындыққа қанағаттанбау тән. Өмірдің барлық мәні қызға деген махаббат. Ал онымен жұмыстан бос жалғыз демалыс күні ғана кездесе алады. Бірақ қожайыны оны бұл бақыттан да айырады, қызбен кездесуге мүмкіндік бермейді. Ф. Қауар өз кейіпкерлерінің өмірдегі қиындықтарын суреттей отырып, олардың ойлары мен көзқарастарынан гөрі, олардың ішкі сезімдерін шынайы жеткізгенді дұрыс санады.

Қорыта айтқанда, Иса ан-Наури, Махмұд Сейф ад-Дин әл-Ирани, Мұхаммед Адиб әл-Амир, Фахри Қауар шығармаларының реализмі ағартушылық ойларының жаңғырығымен қатар, «сезім дауылына» деген жоғары қызығушылық пен сентименталды белгілері де бар. Олардың шығармаларының пафосы – қамқорсыздарға, кедейлерге қайырымды болу, билікті сынау. Кейіпкерлерге сипаттама берерде иорданиялық араб жазушыларында әлеуметтік аспекті басым.

Әдебиеттер

- 1 الناعوري عيسى. اقصيص اردونية// جراح جديدة. -تونس, 1967
- 2 الناعوري عيسى. ليلة في القطار. -عمان, 1974
- 3 ياغي عبد الرحمن. القصة القصيرة في فلسطين والاردن -القاهرة, 1981
- 4 فعوار فخري. لماذا بكت سوزي كثيرا؟ -عمان, 1973
- 5 Ковыршина Н.Б. Проза Иордании. – М., 2005
- 6 Али-Заде Э.А. Египетская новелла. Зарождение и формирование жанра. – М., 1974.
- 7 Али-Заде Э.А. Махмуд Теймур. – М., 1983.
- 8 Джума Х. Палестинская и иорданская новелла в 20 веке. Автореф. канд. дисс. – М., 1973.

References

- 1 An-Naury Isa. Ahasis Urduniya// Jirah jadida. –Tunus, 1967
- 2 An-Naury Isa. Laylya fil-Kitar. –Amman, 1974
- 3 Yagi Abdurhman. Al-kissa al-kasira fil falistyn ua Urdun. –Al-kahira, 1981
- 4 Kaavar Fahry. Limaza bakat Suzi kasiran? –Amman, 1973
- 5 Kovirshina N.B. Proza Yordanyi. –M., 2005
- 6 Aly-Zade E.A. Egipetskaya novella. Zarojdenie I formirovanie janra. –M., 1974
- 7 Aly-Zade E.A. Mahmud Teimur. –M., 1983
- 8 Djuma H. Palestinskaya I yordanskaya novella v 20 veke. Avref.kand.diss. –M., 1973